

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ., 2025 жылғы 28 наурыз

Басқарма төрайымы Алина Алдамбергеннің өкілеттігінің оның өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы

2025 жылғы 28 наурыздан бастап KASE Басқарма төрайымы Алина Алдамбергеннің өкілеттігі оның өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Биржаны басқарған тоғыз жыл ішінде Алина Алдамберген Биржаның ауқымды технологиялық трансформациясын, халықаралық аренадағы позициясын нығайтуды және жаңа қаржы құралдарын енгізуді қамтамасыз ете отырып, KASE-ні дамытуда маңызды рөл атқарды. Оның стратегиялық пайымдауының арқасында KASE әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жоғары технологиялық сауда-саттық платформасына айналды.

Бұл жаңалықтар Биржаға IT инфрақұрылымының сенімділігін арттыруға, тәуекелді азайтуға және жоғары жиілікті сауда-саттыққа жағдай жасауға мүмкіндік берді. Технологиялық трансформация аясында үш жаңа сауда-клиринг жүйесі енгізілді, KASE Mobile мобильді қолданбасы іске қосылды, омнибус-шоттар енгізілді, сондай-ақ ішкі жүйелер мен IT-инфрақұрылымды жаңғырту жүргізілді.

Әлемдік стандарттарға сәйкес инфрақұрылым құру шеңберінде Алина Алдамбергеннің басшылығымен клиринг пен орталық контрагент сервисі енгізілді, бұл инвесторлар үшін кепілдікті, тәуекелді тиімді басқаруды және құралдарды нақты уақыт режимінде дәл бағалауды қамтамасыз етті. Кейін клиринг және орталық контрагент сервисі оның ауқымын басқа нарықтарға, оның ішінде өңірлерге кеңейту үшін Биржаның еншілес құрылымы – «KASE клиринг орталығы» АҚ-қа берілді.

Алина Алдамбергеннің басшылығымен нарық өтімділігін арттыруға, инвестициялық мүмкіндіктер спектрін кеңейтуге, сондай-ақ KASE-нің Биржа мүшелерімен және эмитенттермен жұмыс кезінде клиенттерге бағдарлануын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды бастама жүзеге асырылды. KASE Қазақстанның қор нарығы тарихындағы ірі IPO-ларды сәтті өткізді, инвесторлар мен эмитенттерді жұмылдыру жұмысының қарқынын арттырды, сондай-ақ KASE Global платформасын, бағалы қағаздарды кредиттеу және қарызға алу жүйесін (SLB), сондай-ақ клирингілік қатысу сертификаттарын пайдалана отырып, жаңа

сауда-саттық құралдарын іске қосу арқылы қаржы құралдарының желісін кеңейтті.

Қаржы институттары мен инвесторлар үшін қазіргі заманғы сауда-саттық жүйелері, қаржы құралдарының неғұрлым кең спектрін, берілетін өтім түрлері мен сауда-саттық режимдерін таңдау мүмкіндігі қолжетімді бола бастады. Жаңартылған индикаторларды енгізу инвесторларға нарықтар мен уақыт бойынша активтер құнының серпініне бағдар берді, ал KASE ақпараттық-талдау өнімдері енді оның меншікті ресурстарында да, жетекші агенттіктердің терминалдарында да ұсынылады.

KASE тұрғындар мен биржалық нарыққа кәсіби қатысушылардың қаржылық сауаттылығын белсенді дамытты. БАҚ өкілдерімен және нарық сарапшыларымен бірлесіп білім беру іс-шаралары, семинарлар, вебинарлар өткізіліп, баспасөзде кеңінен насихатталды. Осы бастама шеңберінде ісін жаңа бастаған және бұрыннан айналысып жүрген инвесторларға, сондай-ақ қор нарығы арқылы қаржыландыру алуды көздейтін бизнес өкілдеріне білім беретін KASE Академиясы құрылды.

Биржа әлемдік жетекші қаржы институттары мойындаған серіктеске айналып, өзінің халықаралық позициясын едәуір нығайтты. KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясы (WFE) мен өңірлік кәсіби қауымдастықтардың (FEAS және ТМД ХБҚ) негізгі бастамаларына белсенді түрде қатысып, халықаралық ұйымдармен байланысын нығайтты, сондай-ақ CCP Global орталық контрагенттерінің халықаралық қауымдастығына кірді.

Алина Алдамбергеннің басшылығымен KASE-нің биржалық айналымы 4 еседен астам артты. Қор нарығындағы сауда-саттық көлемі 5 есе, мәміле саны 44 есе, акция нарығын капиталдандыру көлемі 2,7 есе, ал KASE индексі 6,5 есе өсті. KASE тобының операциялық кірісі 10 есе көбейді, оған қоса комиссиялық кірісі 6 есе, пайыздық кірісі 37 есе артты. KASE тобының таза пайдасы 15 есе, меншікті капиталы 8 есе көбейді. KASE акционерлеріне дивиденд төлей бастады. 2024 жылы дивиденд сомасы 9,26 млрд теңге болды.

Сондай-ақ KASE “жасыл” облигациялар шығару инфрақұрылымын жетілдіріп, ESG-қаржы өнімдері мен ақпаратты ашып көрсету стандарттарын енгізе отырып, ESG-принциптерін ілгерілетті. Нәтижесінде жалпы көлемі 779,7 млрд теңгені құрайтын 30 ESG-облигация шығарылды, бұл экологиялық және әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға ықпал етті.

Биыл KASE тобы 2025-2027 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыруға кірісіп, Қазақстанның қаржы секторын дамытудың ашықтығының, сенімділігі мен тиімділігінің кепілі ретінде биржалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі өз миссиясын жалғастырады.

Алина Алдамбергеннің еңбегі жоғары бағаланып, көптеген марапат пен алғысхатқа ие болды, оның ішінде:

- "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" мерекелік медалі (2016);
- "Құрмет" ордені (2018);
- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Үлес" медалі (2018);
- "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл" мерекелік медалі (2021);

- "Теңгеге 30 жыл" мерекелік медалі (2023);
- "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының "Іске адалдығы үшін" медалі (2023);
- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының "Еңбегі үшін" медалі (2023).

Алина Алдамбергеннің Биржа басшысы ретіндегі қызметі реттеуші органдар, халықаралық және өзге ұйымдар тарапынан да жоғары бағаланып, құрмет белгілерімен және алғысхаттармен марапатталды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акциялары нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен төртінші орында.

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюта свопы, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы.

KASE Клиринг орталығы (КАСС) – KASE-нің 100% еншілес ұйымы, ол барлық KASE нарығында клиринг, есеп айырысу және орталық контрагент функцияларын орындайды. KASE ресми тізіміндегі 253 эмитенттің 989 бағалы қағаз шығарылымын қоса алғанда, 1500-ден астам қаржы құралы бойынша клиринг жүргізеді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.